



Күләш Байсейітова атындағы  
**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**В024 «ӨНЕРТАНУ»  
БВ02162 – «ӨНЕРТАНУ», БВ02195 – «ӨНЕРТАНУ» БББ  
БОЙЫНША ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ АЛАТЫН  
СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК  
ОЛИМПИАДАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ  
2026**

**1. Жалпы ереже**

ЖОО студенттеріне арналған Республикалық олимпиаданы ҚР Білім және ғылым Министрлігі және Күләш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті өткізеді.

ЖОО студенттеріне арналған Республикалық олимпиада өнер саласы бойынша мамандарды дайындауда біліктілігін арттыруға, жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытуға, кәсіби жан-жақтылығын қамтамасыз етуге негізделген.

Ереже ҚР «Білім туралы» Заңына және Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғарғы білім беру стандартына сәйкес (бакалавриат) құрастырылған.

Республикалық олимпиада шығармашылық жұмысты жазбаша түрде көрсетуден және оның сапасын бағалау мен жеңімпаздарды марапаттаудан тұрады.

Республикалық олимпиадаға қатысушылар кәсіби біліктілігін, шеберлігі мен машықтылығын және шығармашылық пен жоғарғы кәсіби мәдениеттілігін жан-жақты көрсету керек.

**2. Олимпиаданың міндеттері мен мақсаттары**

Олимпиада өнер бакалаврын дайындау сапалылығын анықтау мақсатында және шығармашылыққа негізделген ЖОО студенттерінің шеберлігін жетілдіру мақсатында, теориялық және тәжірибелік білім барысында алынған білімін, шеберлігі мен машықтылығын көрсету және шығармашылық тұрғыдан өсуге мүмкіндік туғызумен қатар шығармашылық мамандықтардың дәрежесін арттыру үшін, талантты және дарынды студенттерді анықтау мақсатында өткізіледі.

Олимпиаданың негізгі міндеті – болашақ маманның біліктілігін толық жетілдіру және кәсіби дайындығын дамыту болып табылады.

### **3. Олимпиаданы өткізу және ұйымдастыру**

3.1 Олимпиада «Өнертану» БББ бойынша Күлаш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университетінің «Өнертану» кафедрасында өткізіледі:

- I кезең – Академия ішілік олимпиада;
- II кезең – Республикалық олимпиада;

3.2 Олимпиаданы өткізу және дайындау жұмыстарын ұйымдастыру Күлаш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университетінің Ректораты бекіткен ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады. Олимпиадаға жоғарғы оқу орындарының студенттері мамандық бойынша қатыса алады. Ұйымдастыру комитетінің құрамына оқу орнының кафедра өкілдері кіреді, соның негізінде Республикалық олимпиада өтеді.

*1 кезеңдегі* олимпиаданың өткізу мерзімі оқу жылының қазан айының 1-нен қаңтар айының 1-не дейінгі аралықта өткізілуі керек.

*2 кезең* – 1 қаңтардан 1-сәуір аралығында өткізілуі тиіс.

### **4. Олимпиаданың шарттары мен өткізу мерзімі**

4.1 Республикалық олимпиадаға қатысу үшін ЖОО ішілік олимпиада кезеңінің жеңімпаздары — олимпиаданың өтуіне 10 күн қалғанға дейін өтініштерін өткізген В024 «Өнертану» бВ02162 - «Өнертану», бВ02195 – «Өнертану» БББ-ның 2-3 курс студенттері жіберіледі.

4.2 В024 «Өнертану» бВ02162 - «Өнертану», бВ02195 – «Өнертану» мамандығы бойынша Республикалық олимпиада 14.04.2026-17.04.2026 ж. Күлаш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университетінде өтеді.

4.3 Олимпиада студенттердің берілген тақырыптар аясында шығармашылық жазбаша жұмыс орындауынан тұрады.

4.4 Ұсынылған өнер шеберлері мен көркем туындылардың мазмұны мен күрделілігі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бакалавриат) сәйкес болуы тиіс.

4.5 Мамандық бойынша ЖОО олимпиадаға қатысушылар саны 5-7 адамнан артық болмауы керек.

**Олимпиадаға қатысуға байланысты барлық шығындар қатысушылардың өз есебінен жүзеге асырылады.**

### **5. Қорытындылау, олимпиада жеңімпаздарын марапаттау**

5.1 бВ02162 «Өнертану», бВ02195 – «Өнертану» мамандықтары бойынша Республикалық олимпиаданың қорытындысын Күлаш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті бекіткен комиссия төрағасы мен комиссия мүшелері шығарады.

5.2 Республикалық олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері ең жоғарғы көрсеткіштер бойынша анықталады (балл бойынша).

5.3 Олимпиада жеңімпаздарына 1, 2, 3 орындар беріледі.

5.4 «Өнертану» мамандығы бойынша Республикалық олимпиада қорытындысы бойынша хаттама жасалады. Олимпиада хаттамасы

Ұйымдастырушы комитет төрағасымен бекітіліп, ҚР Білім және ғылым  
Министрлігіне жіберіледі.

Ұйымдастыру комитетінің  
телефоны:

+7 702 911 5436  
«Өнертану» кафедрасының  
меңгерушісі:

Байланыс телефоны:

+7 705 497 0483  
Каргабекова Раушан Исмаиловна

Факс:

E-mail:

[2026-onertanu@mail.ru](mailto:2026-onertanu@mail.ru)

## **Шығармашылық жұмыстарға қойылатын талаптар:**

### **«Өнертану» мамандығы үшін:**

«Өнертану» мамандығы бойынша пән олимпиадасына қатысушы студент әлемдік және қазақ бейнелеу өнерінің тарихы мен заманауи көркем өнер үрдісі мәселелеріне қатысты өзіндік ой-пікір білдіру және бейнелеу өнері туындыларын көркем сын бағытында талдай білуге міндетті.

**Жазбаша жұмыс** – Бейнелеу өнерінің жеке көркем туындысына рецензия беру (кескіндеме, мүсін, графикалық туындылар) немесе берілген тақырып бойынша рецензия жазу.

Жұмыстың орындалу уақыты – 4 сағат.

### ***Жазбаша жұмысқа қойылатын талаптар:***

Олимпиадаға қатысушылар жазбаша жұмыста таңдаған тақырыбы бойынша бейнелеу өнері туындыларына қатысты өз түсініктерін толық ашуы қажет. Студент бейнелеу өнері тарихынан жеткілікті білім деңгейін көрсетіп, көркемдік сын бағытында талдап, заманауи көркемөнер өмірінен хабардар болып, кескіндемеші, мүсінші, график, сәулетші шығармашылығының өзіндік әдіс-тәсілдерін біліп, өз ой-пікірін қисынды түрде жеткізіп және өз позициясын сенімділікпен дәлелдеуге тиісті.

Жұмыс көлемі – 5 бет.

## ӨТІНІМ

Студенттің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_  
Жетекшінің Т.А.Ә., байланыс мәліметтері \_\_\_\_\_  
ЖОО, курс (2, 3) \_\_\_\_\_

**Ескертпе:** дипломдар мен сертификаттарды толтырған кезде қате жібермеу үшін студенттер мен курс жетекшілерінің жеке куәліктерінің көшірмелерін ұсынуды сұраймыз.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі 2026 жылдың 1 сәуірге дейін.

Олимпиадаға қатысуға байланысты барлық шығындар қатысушылардың өз есебінен жүзеге асырылады.

**Мекен-жай:** Қазақстан Республикасы, 010010, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 50 Күлаш Байсейітова атындағы қазақ ұлттық өнер университеті.

**Байланыс телефоны:** +7 705 497 0483 Каргабекова Раушан Исмаиловна

**Email:** [2026-onertanu@mail.ru](mailto:2026-onertanu@mail.ru)